

Ж.Б. Жауыншиева<sup>1</sup> , Ж.Қ. Қиынова<sup>2\*</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: zhanarkiynova@gmail.com

## ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН САН ЕСІМДЕРДІҢ СИМВОЛИКАЛЫҚ МӘНІ

**Аннотация.** Мақалада қазақ жұмбақтарындағы сан мен мөлшердің символикалық мәні қарастырылып, сипатталады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазақ жұмбақтарындағы сандық кодты лингвомәдени құбылыс ретінде зерттеумен анықталады. Жұмыстың мақсаты – лингвистикалық тұрғыдан қазақ жұмбақтарындағы сан мен мөлшердің символикалық мәнін ашып, сипаттау. Материалды талдау жұмбақта денотаттың квантитативтік сипаттамаларын білдіретін сандардың семантикалық және символикалық мәні айрықша екенін дәлелдейді. Материалды талдау жұмбақта денотаттың квантитативтік сипаттамаларын білдіретін сандарды қолдану бар екенін көрсетеді. Мақалада қазақ жұмбақтарында сан есімдердің қолданылуын бейнелейтін мысалдар келтірілген, жасырын денотат ретінде қоршаған ортадағы кез келген тұрмыстық заттар мен құбылыстар, аспан денелері, адамның дене мүшелері, жәндіктер мен өсімдіктер атаулары, абстрактылы ұғымдар, уақыт пен кеңістіктің нысандары бола алатыны нақты мысалдар арқылы сипатталған. Мақалада киелі сандар мен адамның вербалды тәжірибесін білдіретін, оның қоршаған әлемді тану және онымен өзара әрекеттесу құралы ретінде қызмет ететін соматизмдерді белгілейтін денотатқа ие жұмбақтардағы сан есімдердің символикалық мәніне ерекше назар аударылады. Соматизмдердің бейнелі семантикасы кейіптеу арқылы және ертегі кейіпкерлерімен – құстар, аңдар мен жануарлармен ассоциациялау, олардың ғажайып әлемдегі іс-әрекеттері арқылы беріледі.

**Тірек сөздер:** сан, мөлшер, қазақ жұмбақтары, фольклор, соматизмдер.

Ж.Б. Жауыншиева<sup>1</sup>, Ж.Қ. Қиынова<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан;

<sup>2</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

\*e-mail: zhanarkiynova@gmail.com

## СИМВОЛИЧЕСКИЕ ЗНАЧЕНИЯ ЧИСЛИТЕЛЬНЫХ В КАЗАХСКИХ ЗАГАДКАХ

**Аннотация.** В статье рассматриваются символические значения числа и количества в казахских загадках. Актуальность исследования определяется изучением числового кода в казахских загадках как лингвокультурного феномена. Целью работы является описание в лингвистических терминах особенности числового кода загадки в количественных и порядковых числительных, категорию числа конкретных имен, существительных, употребляемых с малыми числительными (1,2,3,4,5), числительных, обозначающих части тела человека. Описываются способы кодирования в первой части загадки и способы представления денотата в отгадке. Анализ материала показывает, что в загадке встречаются употребления числительных, которые обозначают квантитативные характеристики денотата в отгадке. В статье приведены примеры, иллюстрирующие употребление числительных в казахских загадках, которые отражают универсальность счета – одушевленные и неодушевленные объекты, светила, время и пространство. Особое внимание уделяется описанию числового кода в загадках, денотат которых обозначает сакральные числа, а также соматизмы, которые выражают вербальный опыт человека и служат средством познания окружающего мира и взаимодействия с ним. Образная семантика соматизмов передается посредством олицетворения, ассоциациями со сказочными персонажами – птицами, зверями и животными.

**Ключевые слова:** число, количество, казахские загадки, фольклор, соматизмы.

Zh.B. Zhauynshiyeva<sup>1</sup>, Zh.K. Kiynova<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan;

<sup>2</sup>Kazakh National Women's Teacher University, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: zhanarkiynova@gmail.com

## SYMBOLIC MEANINGS OF NUMERALS IN KAZAKH RIDDLES

**Abstract.** The research paper discusses the symbolic meanings of number and quantity in Kazakh riddles. The relevance of the research topic is determined by the study of the numerical code in Kazakh riddles as a linguocultural phenomenon. The purpose of the work is to describe in linguistic terms the features of the numerical code of the riddle in

quantitative and ordinal numerals, the categories of the number of specific names, nouns used with small numerals (1,2,3,4,5), numerals denoting parts of the human body. The methods of coding in the first part of the riddle and the ways of representing the denotation in the guess are described. The analysis of the material shows that in the riddles there are usages of numerals that denote the quantitative characteristics of the denotation in the guess. The paper provides examples illustrating the use of numerals in Kazakh riddles, which reflect the universality of counting – animate and inanimate objects, luminaries, time, and space. Special attention is paid to the description of the numerical code in riddles, denoting somatisms that express a person's verbal experience and serve as a means of cognition of the surrounding world and interaction with it. The figurative semantics of somatisms is transmitted through personification and associations with fairytale characters – birds and animals.

**Keywords:** number, quantity, Kazakh riddles, folklore, somatisms.

### Кіріспе

Фольклор – дәстүрлі идеяларға негізделген халық білімінің жиынтығы, белгілі бір халықтың қоршаған орта туралы дүниетанымдық және мәдени-эстетикалық түсінігін белгілейді. Жұмбақтар – ауыз әдебиетінде көне заманнан таралған, қазақ халқының ой өрісін, тұрмысын, өмір философиясын, тапқырлығы мен сөз шеберлігін айқындайтын асыл мұра. «Халық мұрасының үлкен бір мәуелі бұтағы – жұмбақтар. Жұмбақтар – телегей-теңіз фольклорлық дүниеліктер арасында ауқымды орны бар, халық болмысымен ежелден біте қайнасып келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазіргі уақытта да тарих сахнасынан сыпырылып қалмай, жаңа даму кезеңін бастан өткеріп отырған бағалы жауһарлар санатына жатады» (Бабалар сөзі, 2010: 7).

Жұмбақтар қазақ халық ауыз әдебиетінің шағын жанрларына жатады. Паремиялар шағын фольклорлық жанрлардың бірліктері болып табылады, олардың қатарына мақал-мәтелдер, тапқыр сөздер, жаңылтпаштар, ырымдар мен жұмбақтар жатады. Шағын фольклорлық жанрлар тіл шығармашылық әлеуетіне ие. Қазақ жұмбақтары астарлап сөйлеуден, метафора, аллегориядан құрылып, күрделі мәселені шешуді және кодталған ақпаратты ашып айтуды талап етеді. Қазақ жұмбақтарының құрылымы әмбебап бола отырып, сұрақ және оның денотат-шешуінен тұрады. Жұмбақ қазақ халқы үшін тек шешуді талап ететін өткір ойлы нақыл сөз емес, сонымен қатар өмірді, тұрмыс-тіршілікті философиялық тұрғыдан пайымдайтын тілдік феномен.

Фольклорлық жанрларда алғашқы санау тәсілі ретінде «қарапайым арифметиканың» үлгілері барынша айқын көрініс табады: қайта санау, еселеу, үш есе еселеу, санның жартысын және «дөңгелек санды» табу. Әдетте, фольклорлық мәтіндерде шағын сандарға (1, 2, 3, 4, 5) және олармен қарапайым амалдар жасауға негізделген сандық сипаттау көрініс табады. «Қарапайым арифметиканың» үлгісі ретінде ең жеңіл және ыңғайлы есептеу құралы саусақтармен санау. Аталмыш есептеу амалы – санау барысында саусақтарды бұгу – барлық халықтар мәдениетіне тән тәсіл, санаудың объектілері мен есептеу құралдарының арасындағы сәйкестік белгіленген жағдайда пайда болатын санаудың амалы.

Қазақ халқының фольклорлық дәстүрінде өз семантикасында қосымша мағынаны жүктеген «қарапайым арифметиканың» әртүрлі формуласы сақталған. Мысалы, «бір» саны қазақ халық ауыз әдебиетінде өлшеу бірлігі мен заттарды, нысандарды санаудың басын емес, керісінше, жалпылама анықтау мен эталонды жиынтықты белгілейді: *Бір тұлкі жүгіріп келе жатып; абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті.: шыға алмай тұрғанда, бір ешкі су іздеп жүріп, алғи апанға кез болып, тұлкіні көреді.*

Көптеген қазақ жұмбақтарында қолданылатын сандардың ертеден қалыптасқан символдық мәні бар, ол көне мифологиядан бастау алады. Сандардың әдет-ғұрыппен байланысы көне мифтік түсініктерде көрініс тапқан. Сандарға тән қасиетті ерте заманда байқаған адамзат қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың мөлшерін, шамасын, көлемін, салмаған, ұзындығын, қашықтығын анықтау үшін өлшем құрал ретінде сандарды қолданған.

### Материал және әдістер

Мақалада материал ретінде белгілі қазақ ғалымдары мен ағартушылары және түркітанушылардың еңбектері «Бабалар сөзі» жинағының 64 томындағы жұмбақтар іріктеп алынып, талданды (Бабалар сөзі, 2010). Материалды сипаттау және талдау барысында әртүрлі ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылады. Сипаттау әдісі шағын фольклорлық жанрлардың сипаттамалық ерекшеліктерін анықтауда, тілдік бірліктерді талдауда, сан мен мөлшердің қазақ жұмбақтарында зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді теориялық-тұжырымдамалық талдауда қолданылды. Мақалада қазақ жұмбақтарында қолданылатын сан есімдердің

символикалық мәнін ашу мақсатында семантикалық талдау әдісі, когнитивті-концептуалды әдіс, лингвомәдениеттанымдық әдіс және мәдени код ашу әдістері қолданылады.

Сонымен қатар қазақ жұмбақтарындағы сан есімдердің символикалық мәнін және семантикасын айқындауында компоненттік талдау мен контент-талдау әдістері қолданылды. Компоненттік талдау тілдік бірліктердің мазмұн межесін зерттеу әдісі, оның негізгі мақсаты – мағынаны минималды семантикалық бөлшектерге ажырату. Компоненттік талдау барысында қазақ жұмбақтары мазмұндық тұрғыдан сипатталып, семантикалық белгілері ажыратылды. Жұмбақтау амалындағы денотаттар белгіленді және олардың дифференциалды белгілері анықталып, жұмбақтың шешілуі сұрақтағы жасырын мағыналармен сәйкестендірілді.

Контент-талдау – мәтіндегі немесе басқа ақпаратты тасымалдайтын құралдарындағы мағынаны айқындап, оның семантикалық ерекшеліктерін талдау. Мақалада контент-талдаудың мағыналық түрі қолданылады. Қазақ жұмбақтарында кездесетін сандық сипатқа ие сөздер мен тіркестердің қолданылудың жиілігіне назар аудармай, мағынадағы коннотациялар айқындалады. Контент-талдауды іске асыру барысында жұмбақтардағы жасырын мағына, ассоциативті бейнелер анықталады. Контент-талдау үш элементтен тұрады: талдау пәнінің категориалдық моделі (талдаудың параметрлері мен категориялары сөздік сипаттауға ие болады); зерттеу нысанының белгілері, терминдер, тақырып, мінез-құлқы, кейіпкер, хабарлау, жағдай, әрекет және олардың аспектілері.

### Әдебиетке шолу

Қазақ жұмбақтары белгілі қазақ ғалымдардың, ағартушылары және түркітанушылардың еңбектерінде зерттеудің қайнар көзіне айналған (Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М. Ибрагимов, П.М. Мелиоранский, А.В. Васильев, А.Лютш, А.Алекторов, Г. Потанин, А.Диваев). Олар қазақ жұмбақтарын жүйелеп, газет, журналдарға жариялаған. XIX ғасырда Ш.Уәлиханов жазып алған өлең-жұмбақтарды 1992 жылы «Ана тілі» газетіне жарияланды.

Кейіннен танымал қазақ ғалымы Сәрсен Аманжолов жұмбақтарды халық аузынан жинастырып, қазақ жұмбақтарының генезисін, құрылымын және тілін зерделеп, 1940 жылы жинақ шығарды (Аманжолов, 1959). Сонымен қатар, қазақ жұмбағының жанрлық ерекшеліктері мен тақырыптық аясын М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Әбжанов, С. Қасқабасов, Ж. Адамбаева, Н. Оңғарбаева, Қ. Дүсіпбаева, Е. Жанпейсов, К. Шамшәдин, С. Негимов сияқты ғалымдар зерттеген.

Қазақ жұмбақтарының тілін зерттеген Н.Оңғарбаева келесі пікір айтып, нақты талдаулар келтіреді: «Жұмбақ жанры төрт негізден – жұмбақ объектісі, жұмбақ баламасы, жұмбақ тексі, жұмбақ мотивінен тұрады» (Оңғарбаева, 1997). Қ. Дүсіпбаева қазақ тілінде кездесетін сандарды жүп және тақ ұғымдарға бөліп қарастырады (Дүсіпбаева, 2001).

Шамшәдин Керімнің «Қазақ жұмбағы» (Керім, 2007) атты іргелі еңбегінде жұмбақтың мифопоэтикалық негізі, көне заманнан халық ауыз шығармашылығында кең таралып, қазақ мәдениеті мен тарихындағы маңызы, табу – тыйым сөздермен байланысы, логикалық құрылымы, көркемдік қызметі, поэтикасы мен стилистикасы зерделенген.

Қазақ этнолингвистика ғылымының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ғалым Е.Жанпейсов «Қазақ ескіліктері» атты соңғы еңбегінде қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы этнолингвистикалық тұрғыдан зерттелген (Жанпейсов, 2018). Төрт түлік малдың жабдықтарын (әбзелдерін) күтіміне қатысты жосын-жоралғыларын, ауруына қатысты атауларын түркі тілдермен салыстыру арқылы қазақтың төл мәдениетіне қатысты материалдық мәдениет атауларының мән-мағынасын айқындап берді.

Жалпы жұмбақтың көне мифопоэтикалық түп-тамырын орыс ғалымы В.Н. Топоров өз еңбектерінде кеңінен зерттеген (Топоров 1994). Ол «жұмбақ кеңістігі» мен «жұмбақ құрылымының» генезисін қайта жаңғырту мақсатында жұмбақтың терең қасиеттері мен дәстүрлі өмір сүру салтымен байланысын қарастырған.

Танымал зерттеуші, орыс фольклорының негізін қалаушы С.Г. Лазутин жұмбақтың поэтикасы туралы келесі пікір білдірген: «Жұмбақтау және жұмбақты шешу барысында адам ой қабілетін дамытып, өз тапқырлығын сынай отырып, эстетикалық ләззат алады. Біз ондағы халықтың поэтикалық ой жүйесінің сұлулығына тамсанамыз, оның өткір ауыстыруларымен, жұмбақтың тапқырлыққа құрылған поэтикалық-ассоциацияларымен, шымшыма юморымен қанаттанамыз» (*аударма біздікі – Ж.Б.*) (Лазутин, 1981: 45).

Жұмбақтың ментальдық әлемі ең алдымен мифопоэтикалық дүниетанымның сандық әлемімен байланысты. Жұмбақтағы сандық код туралы Ю.И. Левиннің пікірі: «Контраст және антитеза деп атауға болатын сандардың қарама-қарсылығы жұмбақта кеңінен тараған» (*аударма біздікі – Ж.Б.*) (Левин, 1978: .300) .

### Нәтижелер және талқылау

Қазақ жұмбақтарында шағын сандар (1, 2, 3, 4, 5) нақты мөлшерді белгілейді. Бірлік – есептеу нүктесі мен өлшеу бірлігі бола отырып, фольклорлық мәтіндерде бөлінбейтін, тұтас, діни және ғарыштық ұғымды білдіреді. Жалпы қазақ ауыз шығармашылығында «бір» саны белгілі бір жиынтық пен кішігірім сырлы мағынаны айқындайды. Қазақ жұмбақтары көбінесе көшпенді халықтың тұрмыс жағдайларын, мал шаруашылықпен байланысты өмір салтын бейнелейді. Мысалы: *Бір бие желіні егіз тапқан, айғыры туар күні үйірін тапқан. Бірі ұлтал, ласының бірі жаңқа, Япыр-ай, неткен зерек мұны тапқан* (саба, піспек, май, құрт) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 9).

Жұмбақ – бейнелі ассоциация мен метафоралық тіркестер арқылы белгілі бір затты, құбылысты ұғыну, оның санада пайда болатын бейнесін салыстыру арқылы шешіледі. Бүтіннің бөлшектерін сипаттауда денотатты кодтау сандық формулалар арқылы жүзеге асады. Мысал ретінде отбасылық-тектік иерархия өкілдерін атап өту немесе санап шығу арқылы қазақтың киіз үйін кейіптеу амалын, оның жұмбақтағы жасырушы қызметін көрсетуге болады: *Әлім, шәлім, Екі байдың қызы екі ханым, төрт жеңгесі бар екен, Қызмет қылған немересі, Буы-буы, буы ұзын, Буыннан да қолы ұзын, Аба киік терісі, Алтын қошқар мүйізі*. (Бау, құр, екі үзік, төрт туырлық, түндік, кереге, уық, киіз, шаңырақ) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 10).

Сан есімдер қазақ жұмбақтарында жиі кездеседі, олар әртүрлі мағынаны жасырып, астарлап айтып, логикалық ойлауды жетілдіреді: *Алтыс аттың етін жер, Жілігін шақпай майын ішер* (Алты ай қыс). *Алтыс ат* тіркесі «көп» деген мағынамен қатар қазақ халқының өмір сүру салтын, ұзақ, алты айға созылатын қыстың қақаған кезінде соғым сойып, жылқының жілігін шақпай, майын ішіп, қаһарлы қысқа төтеп берген қазақтың тұрмыс жағдайын бейнелейді. Жалпы, жұмбақтарда сан есімдер нақты бір мөлшерді белгілемей, сол сандар арқылы денотатты кодтайды.

Жұмбақ – тек жауапты талап ететін, логикалық ойды және тілді дамытатын құрал ғана емес, оның семантикасында халықтың тарихында болған оқиғаларды мазмұндайды. Кез келген жұмбақ өзі пайда болған дәуірдегі оқиғалар мен тарихи-мәдени құбылыстарды бейнелейді. Осындай жұмбақтардың шешуі фондық ақпаратты, халықтың тарихында болған әрбір кезеңдегі құбылыстарды және олардың жағымды немесе жағымсыз салдарын білуді талап етеді. Осындай жұмбақтарда да сан ұғымдары жиі кездеседі: *Үй артында бір дуан, Бір ұлы бар ханға дуан, Қырық сегіз қызы бар, бәрі жуан* (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 9).

Жұмбақтың негізгі шешімі «дуан» архаизм сөзіне негізделген, себебі Ресей патшалығының отаршылдығы кезеңінде аймақ, облыс деген мағынаны білдірген. Ал *бір ұлы, қырық сегіз қызы* сан есімдерден тұратын тіркестер сол саясаттың қазақ даласында орнатқан билігінің ауқымдығын көрсетеді. Ш. Керімнің пікірінше, «Әрбір жұмбақ – өз дәуірінің жемісі. Оларда сол дәуірдің болмысы сәулеленеді, сол уақыттың шындығы бейнеленеді, осылайша, жұмбақтар адамдардың шаруашылық, тіршілік тынысынан, тұрмыс халінен мағлұматтарды жайып салады» (Бабалар сөзі, 2010: 13).

Ғалымдар қазақ жұмбақтарын тақырыптық аясына, узушта қолдануына байланысты топтастырған. А.В. Васильев «Киригизские загадки» атты кітабында қазақ жұмбақтарын үш топқа бөледі: әлемнің физикалық құбылыстары, жануарлар туралы, адамдар мен олардың үйлері және оны қоршаған заттар (Васильев, 1900). М. Әбжанов «Қазақ халқының жұмбақтары» атты еңбегінде жұмбақтарды топтастыруда олардың жанрлық ерекшеліктері мен жұмбақтау тәсілдеріне назар аударады: қара сөзбен айтылған жұмбақтар; жұмбақ ертегілері; өлеңмен айтылатын жұмбақ ертегілер; жұмбақ айтыстары; жұмбақпен айтылатын шешендік сөздер; диалогке құралған сұрау, жауап түріндегі жұмбақтар; есеп жұмбақтар (Әбжанов, 1966). Ал «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық жинағында жұмбақтар келесі лексика-тақырыптық бөлімдерден тұрады: аспан әлемі; жер, табиғат құбылыстары; егіс және өсімдіктер; жануарлар, мақұлықтар; құстар; жәндіктер; төрт түлік; адам және оның дене мүшелері; үй; үйдің керек-жарақтары және жиһаздар; қол ісі; киім-кешек; шаруашылық құралдары; ыдыс-аяқтар; тамақтар мен сусындар; от жағу, жарық қылу; катынас, жүріс-тұрыс; қару-жарақ, аңшы және аңшы құралдары; есеп және сауда; дін; оқу-білім,

ойын-сауық, музыкалық аспаптар; техника; әртүрлі жұмбақтар; жұмбақ өлеңдер; жұмбақ айтыс, жұмбақ айтыстар; жұмбақ айтысқан келіншек пен жігіт; қара сөз жұмбақтар; жұмбақ жауап (Бабалар сөзі, 2010: 13). Қазақ жұмбағының заманауи топтастырылуы олардың ежелден қарқынды дамығанын, тақырыптық аясының кеңейгенін, көлемінің өсуін, жанрлық түрлерінің ауқымдығына дәлел.

Әр халықтың мәдениетінде көне мифологияда қалыптасқан киелі сандар ерекше орын алады, себебі олардың семантикасында мифопоэтикалық нанымдар мен діни қағидалармен байланысты әлемнің архаикалық бейнесі көрініс табады. Қазақ дүниетанымында *үш, жеті, тоғыз, қырық* сандары қазақ халқына тән діни түсініктер мен мифологияға тікелей қатысты. Сандар жеке қасиеттеріне қарай адамзаттың танымында терең сақталып, символдық мәнге ие болған, кейін философиялық, логикалық, психологиялық таным аясында басқа да мағыналарға жұмсалған. Жалпы жұмбақтарда, басқа да фольклорлық жанрлар туындылар тәрізді, киелі сандар жиі кездеседі, олар көбінесе уақыт пен кеңістік ұғымдарын сипаттайды: *Үш бірдей бағып жүрмін арғымақты, Біреуі біреуінен қарғымапты. Үш бірдей үшеуінен қаққан қазық, Біреуі біреуінен тар болмапты* (Таңертең, түс, кеш) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 268).

Киелі *қырық* саны діни ұғымдарды жұмбақтауда қолданылады: *Қырық кез қарағай садақ бар белімде, Кім беред жұмбақ шешер бұл шенімде. Қойдым да үлпершекке ілдім талға, шеше зой, ақын болсаң, қапелімде* (Қырық парыз) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 275).

Қазақтың дүниетанымында ерекше орын алатын киелі *жеті* саны аспан әлеміндегі жұлдыздардың атауларын жұмбақтауда кездеседі: *Жеті ағам жерге түспейді; Аспанда ұшып жүрген жеті торғай, барады бір-біріне қосыла алмай* (Жеті қарақшы) Т.64: Жұмбақтар, 2010, 40).

Қазақ жұмбақтарының қай түрін қарастырсақ та сан есімдер жиі кездеседі. Дегенмен, сандық код әсіресе адамның дене мүшелеріне қатысты жұмбақтарда кеңінен көрініс табады, себебі адам өзін-өзі тануы қоршаған ортаны зерттеуден басталады. Сондықтан соматикалық код көне заманнан қалыптасып, адамның вербалды тәжірибесіне сүйенеді. Көне дәуірде адамның денесі кеңістік пен уақытты өлшеу параметріне айналған, санау үшін саусақтарын пайдаланған, дене мүшелеріне рефлексия жасау негізінде әмбебап метафоралар пайда болған. Сан мен мөлшердің символикалық мәні денотат аясында және жұмбақтың шешілуінде беріледі: *Меккеде бір ағаш бар түбі жуан, Он екі ұл, алпыс екі қызы бір күні туған* (Он екі мүше, алпыс екі тамыр); *Бір таудың екі күзетшісі, Екі тыңшысы, отыз екі бөрісі бар* (Көз, құлақ, тіс) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 16).

Дене мүшелерінің жұмбақтап айтып, жасырылған сұрағы көбінесе сан арқылы жауабын табады. Денотатта берілген сандар арқылы табиғат құбылыстары мен қоршаған ортадағы тау, тас, ағаш, жапырақ, сарқыраған су, бұлақ адамның дене мүшелерімен сәйкестендіру негізінде бейнелік ассоциация пайда болады: *Ағады тау басынан сегіз бұлақ, Төртеуі ащы, үшеуі тәтті тым-ақ. Ащы да емес, төртеуі күшті де емес, Екі жапырақ өспейді тіпті бірақ* (Екі құлақ, мұрын, екі көз, ауыз); *Қар жауды Қаратаудың басына кетпейтұғын, Етекте екі бұлақ кетпейтұғын, бір тауда бір диірмен босқа қалды, бар ма екен сол диірменді ептейтұғын* (Көз, құлақ, тіс) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 20).

Компонентінде соматизмдер бар жұмбақтар ертегі әлеміне тән ғажайыптарды суреттейді. Соматизмдерді жұмбақтау ертегі кейіпкерлері – құстар, жабайы аңдар мен үй жанауарларын санап айтып, жұмбақтың шешілуіне жол ашады: *Бір тауды мекен еткен отыз бөрі, Он кісі отызының жұмыскері. Сол таудың ортасында бағлан қозы, Масайрап секірді әрі-бері* (Он саусақ, отыз тіс, тіл); *Он үйрек, отыз аққу көлде жатқан, Себеппен қаршыға құс дәмін татқан. Алыстағы лашын құс ілмей қалмас, жақсылар ақылымен білмей қалмас* (Он саусақ, тіл, тіс, көз) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 21).

Адамның дене мүшелері көбінесе жұптасады – қол, аяқ, көз, құлақ т.б., сондықтан оларды жұмбақтауда екі нысан белгіленеді: *екі дос, екі самұрық, екі батыр*. Мысалы: *Бір таудың адам жүрмес қиясы бар, Екі самұрық, қос қыран ұясы бар. Бітіпті етегіне құрма ағашы, басында бұлбұл құстың ұясы бар* (Көз, құлақ, тіс); *Екі достың бірі ыңғайлы, Біреуінен ебі жоқ. Екеуін де бірдей көрем, Маған артық-кемі жоқ* (Екі қол); *Бірге жатып бірге тұрар, Озуға тұра ұмтылар. Екеуі мәңгі жарысып, Көрген жоқ әлі қалысып* (Екі аяқ); *Екі батыр қазына іздейді, Екі батыр жол іздейді* (Қол мен аяқ) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 22).

Қазақ жұмбақтарындағы соматизмдердің атауларын жасыру көбінесе денотатты кейіптеу арқылы, яғни сол дене мүшелерін жанды зат бейнесінде көрсету, беріледі: *Жиырма баласы бар, төртеуі ана, Бірі ұзын, бірі қысқа дара-дара. Қандайлық істі қоссаң, ерінбейді, білімпаз мамандығы болған сара* (Аяқ, қол, саусақ) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 24).

Қазақ жұмбақтарында сан есімдердің қолданылуы денотаттың квантитативтік белгілерін таңбалайды. Мысалы, жұмбақтау мәтінінің бірінші бөлігінде денотатты жасыру амалдары әртүрлі болуы мүмкін: *Таңертең төрт аяқты, Түсте екі аяқты, Кешке қарай үш аяқты* (Адамның балалық, есі кірген, қартайған кезі). Жұмбақтау мәтінінің бірінші бөлігіндегі денотат аясына уақыт белгілерін еңгізген – *таңертең, түс, кеш*. Таңғы уақыт – ол дүниенің есігін жаңа ашқан сәбидің аяқтары мен қолдарының бірдей қызмет атқаратыны, төрт аяқтап жерде еңбектеп жүретін шағы. Сонымен бірге сүйеу немесе тіреудің дифференциалды белгілері жойылған, *төрт* сан есімі қол мен аяқтарды белгілейді, ал үшінші сүйеу ретінде аяқ-қол емес, жаңа интегралды сема – кәрілікте пайда болатын үшінші аяқ – таяқ қосылады, ол тірі денотаттың дене мүшесі емес, өз қызметіні атқаратын артефакт. Жұмбақтың шешілуінде денотаттың үш күйі біріктірілген.

Қазақ жұмбақтарындағы символикалық мағына тарихи-мәдени ақпаратты тасымалдау арқылы айқын көрініс табады. Мысалы, қазақ халқының дүниетанымында адам өмірінің белестері мен оның жасын есептеу үлгісі «мүшел жас» ұғымымен байланысты. Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның бір мүшел жастан келесі мүшел жасқа өтуі арнайы ырымдар мен ғұрыптарды орындауды талап етеді: *Көрінеді бір бәйтерек басы сыңар, Сүйкімді адамзатқа ол бір шынар. Дағ түбінен басынан жеткенінше, Жүз бұтақ, мың екі жүз ұясы бар. Төрт басқыштың бұтағы қырық тоғыз, Мәуесі иіліп, жерге балы тамар. Бес басып, шыққасын алтыншыға, жылымпыш аппақ болып жасауды қар. Жеті бұтақ басқанда, жер жарылып, Жайы қамап болмаса жан қиналар. Сегізін тамам қылып басқан жанның Артында тоқсан жеті бұтақ қалар, үш бұтақтан сақтанса, соған келіп, Ұясы мың екі жүз тамам болар* (Адамның бір жастан жүз жасқа дейінгі мүшел жастары) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 25).

Сандар – әлемді бейнелейтін ерекше код элементтері. Әлемнің мифологиялық бейнесінде құбылыстардың сапалы-сандық жағы сандар арқылы беріледі. Сандармен байланысты ырым-нанымдар сандырдың дәстүрлі символикасына негізделеді. Көне халықтар сандарды киелі күші бар абстракт ретінде қабылдайтын, сондықтан оларда жасырын мағына мен сиқырлы мүмкіндіктері барына, құдайлар әлемді басқаруда қолданатын құрал деп сенетін. Мысалы, сан есімдер әлемді ұйымдастырудың негізгі концепт ұғымдары – уақыт пен кеңістік, аспан шырақтары, аспан әлемі, ауа, жер, табиғат құбылыстары бейнесін сипаттайды. Қазақ жұмбақтарында әлемнің киелі құбыластарын сипаттауда бірінші ондықты құрайтын сандар (1-10) жиі кездеседі: *Бір үйде қос сұлу қыз ағайынды, Екеуі қызықтырған талайыңды. Жүдемес төрт маусымда мұңаймаса, Тұрады нұрға малып маңдайыңды* (Ай, күн); *Қиырсыз бір теңіз бар ол немене, Құбылып қалқиды алтын бір тегене, Сансыз құс жүзеді ортасында, Алты қаз, жеті үйрек, үш бөдене. Оқшау жүр ақ шағала, көк шағала, Теңіздің ортасында күміс кесе* (Аспан әлемі, жұлдыз); *Алтын қоян қашады бұдан былай, Жеті лашын құдай ұдай-ұдай. Артынан екі бүркіт тағы кетті, Шешіп бер жұмбағымды қарап тұрмай* (Үркер, жеті қарақшы, ай, күн) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 32).

Аспан шырақтарының арасында сансыз жиынтық – жұлдыздар, сондықтан оларды жұмбақтауда үлкен көлемді белгілейтін сан есімдер қолданылады: *Бір байдың мың қойы қоздайды екен, Біреуі біреуінен озбайды екен. Болғанмен алтын астау, күміс күндеу, Болғанша қиямет қайым тозбайды екен* (Жұлдыздар). Белгілі бір жиынтық, саны шексіз заттың денотаты сан арқылы емес, «көп» деген сөз арқылы беріледі: *Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып, Қарасам толып жатыр көзін ашып. Үйіме сәулеленіп түссе жарық, Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып* (Жұлдыздар) (Т.64: Жұмбақтар, 2010, 35).

Негізі сандардың пайда болуының әртүрлі болжамдары бар: прагматикалық, себебі сандар коммуникативтік қажеттілік нәтижесінде пайда болған; концептуалды, немесе вербалды, мысалы, БІР саны есептеу нүктесі екенін адамның туа біткен концептісі; салттық – ол адамның санды жаңадан жасап шығару қабілеті.

### Қорытынды

Қазақ жұмбақтарының құрылымы әмбебап сипатқа ие, ол сұрақ немесе метафорадан тұрады, белгілі бір зат пен құбылысты астарлап айту негізінде жауапты талап ететін халық поэтикалық шығармашылық жанры. Жұмбақты жасыру және жұмбақты шешу – бұл поэтикалық жарыс, метафоралық бейнелер сайысы, адамның поэтикалық ойлау қабілетін сынау.

Біздің зерттеуіміз қазақ жұмбақтарындағы сан мен мөлшердің символикалық мәнін ашуға және оның жұмбақтар тілінде бейнелік, мағыналық, ассоциативті қызметін айқындауға бағытталған. Қазақ жұмбақтарында символикалық мағына шағын сандарға (1, 2, 3, 4, 5) және олармен қарапайым амалдар жасауға негізделген сан есімнен тұратын тіркестер көрініс табады.

Жұмбақ санаудың әмбебаптығын дәлелдейді, себебі кез келген халық өзінің ауыз шығармашылығында күнделікті өмірден алынған тәжірибені, заттар мен табиғи құбылыстарды, құндылықтарды өз семантикасында жасырып, сұрақ қою арқылы жұмбақтың шешілуін талап етеді. Қазақ халқы жұмбақтау барысында әртүрлі мағынаны жасырып, астарлап айтып, логикалық ойлауды жетілдіру үшін әртүрлі сандарды пайдаланған. Қазақ жұмбақтарында бірден беске дейін (1-5) сандар жиі қолданылады, себебі олар нақты мөлшерді белгілейді. Сонымен қатар, әлемнің киелі құбыластарын сипаттауда бірінші ондықты құрайтын сандар да (1-10) жиі кездеседі.

Қазақ дүниетанымында *үш*, *жеті*, *тоғыз*, *қырық* сандары қазақ халқының дүниетанымындағы ой-өріс пен діни мифологияға тікелей қатысты. Киелі сандардың концептуалдық құрылымындағы мифологиялық таным ұлттық мәдени болмысын, тілдің лингвомәдени кеңістігін аша түседі. Қазақ жұмбақтарында киелі сандар әртүрлі діни-философиялық ұғымдарды және аспан әлеміндегі құбылыстарды жұмбақтауда қолданылады.

Мақалада адамның вербалды тәжірибесін білдіретін, оның қоршаған әлемді тану және онымен өзара әрекеттесу құралы ретінде қызмет ететін соматизмдерді белгілейтін денотатқа ие жұмбақтардағы сандық кодты сипаттауға ерекше назар аударылады. Соматизмдерді жұмбақтауда сан есімдер міндетті түрде кездеседі, себебі адамның дене мүшелері көбінесе жұптасады – қол, аяқ, көз, құлақ т.б., сондықтан оларды жұмбақтауда екі нысан белгіленеді: *екі дос*, *екі самұрық*, *екі батыр*. Соматизмдердің атауларын жасыру көбінесе денотатты кейіптеу арқылы, яғни сол дене мүшелерін жанды зат бейнесінде көрсету, беріледі: *жиырма баласы бар*, *төртеуі ана...* және т.б. Соматизмдердің бейнелі семантикасы ертегі кейіпкерлерімен – құстар, аңдар мен жануарлармен ассоциациялау арқылы беріледі. Адамның дене мүшелерін жасырған жұмбақтарда ірі сандар жиі кездеседі, себебі олардағы сан есімдер денотат қызметін атқарып, жасырылған жауапты табуға ықпал етеді.

Жалпы, жұмбақтарда жасырын денотат ретінде қоршаған ортадағы кез келген тұрмыстық заттар мен құбылыстар, аспан денелері, адамның дене мүшелері, жәндіктер мен өсімдіктер атаулары, абстрактылы ұғымдар, уақыт пен кеңістіктің нысандары бола алады. Аздық пен көптік, жекелік пен жалпылық, даралық пен топтық, ұзындық пен қысқалық, алыс пен жақын сияқты өлшемдер белгілі бір санға негізделіп, сандық өлшемге сүйенеді.

Қорыта айтқанда, мақала шеңберінде қойылған мақсатқа қол жеткіздік – ол лингвистикалық тұрғыдан қазақ жұмбақтарында қолданылатын сан есімдердің символикалық мәнін ашып, сипаттау. Материалды талдау жұмбақта денотаттың квантитативтік сипаттамаларын білдіретін сандардың семантикалық және символикалық мәні айрықша екенін дәлелдейді.

#### Әдебиеттер

- Әбжанов М. (1966) Қазақ халқының жұмбақтары. – Алматы: Мектеп, 1966. – 252 б.  
 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. (2010). Т.64: Жұмбақтар. – Астана: «Фолиант», 2010. – 432 б.  
 Васильев А.В. (1900) Образцы киргизской народной поэзии. Вып. Киригизские загадки. – Оренбург, 1900.  
 Дүсіпбаева Қ.С. (2001) Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері: Филология ғылымдарының канд.диссертациясы. – Алматы, 2001. – 136 б.  
 Жанпейсов Е. (2018) Қазақ ескіліктері. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 352 б.  
 Қазақтың халық жұмбақтары (1959) / Құраст. С.Аманжолов, Т.Жанұзақов. – Алматы, 1959.  
 Керім Ш. (2007) Қазақ жұмбағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 272 б.  
 Лазутин С.Г. (1981) Поэтика русского фольклора: Учеб. пособие для филол.фак.ун-тов. – М.: Высш.школа, 1981. – 221 с.  
 Левин Ю.И. (1978) Семантическая структура загадки // Паремнологический сборник. – М.: Наука, 1978. – С.283–314.  
 Оңғарбаева Н. Қазақ жұмбақтарының тілі: Филология ғылымдарының канд.диссертациясы. – Алматы, 1997. – 136 б.

Топоров В.Н. (1994) Из наблюдений над загадкой // Исследования в области балто-славянской духовной культуры: Загадка как текст. Т.1. – М.: Индрик, 1994. – С.10–117.

### References

- Abzhanov M. (1966) Qazaq halkynyn zhumbaktary. [Riddles of the Kazakh people] – Almaty: Mektep, 1966. – 252 b. (in Kazakh)
- Babalar sozi: Zhuztomdyk. (2010). T.64: Zhumbaktar. [The word of ancestors: Hundredthome. (2010).Vol. 64: Riddles] – Astana: «Foliant», 2010. – 432 b. (in Kazakh)
- Vasil'ev A.V. (1900) Obrazcy kirgizskoj narodnoj poezii. Vyp. Kirigizskie zagadki. [Samples of Kyrgyz population poetry. Vol. Kyrgyz riddles] – Orenburg, 1900. (in Russian)
- Dusipbaeva K.S. (2001) Qazaq eskilikteriniñ sandar zhujesindegi tildik korinisteri: Filologija gylymdarynyn kand.dissertacijasy. [Linguistic manifestations of Kazakh antiquity in the system of numbers: candidate of Philological Sciences.thesis] – Almaty, 2001. – 136 p.] – Almaty, 2001. – 136 b. (in Kazakh)
- Zhanpejsov E. (2018) Qazaq eskilikteri. [Kazakh Antiquities] – Almaty: «Қазақ тили» баспасы, 2018. – 352 b. (in Kazakh)
- Qazaqtyn halyk zhumbaktary (1959) [Kazakh population riddles] / Kurast. S.Amanzholov, T.Zhanuzakov. – Almaty, 1959. (in Kazakh)
- Kerim Sh. (2007) Qazaq zhumbagy. [Kazakh riddle] – Almaty: Arys, 2007. – 272 b. (in Kazakh)
- Lazutin S.G. (1981) Pojetika russkogo fol'klora: Ucheb. posobie dlja filol.fak.un-tov. [Poetics of Russian folklore: Textbook for philology.fac.un-tov – M.: Vyssh.shkola, 1981. – 221 s.] (in Russian)
- Levin Ju.I. (1978) Semanticheskaja struktura zagadki [Semantic structure of the riddle // Paremiological collection]. // Paremiologicheskij sbornik. – M.: Nauka, 1978. – S.283–314. (in Russian)
- Ongarbaeva N. (1997) Qazaq zhumbaktarynyn tili: Filologija rylymdarynyn kand.dissertacijasy. [The language of Kazakh riddles: Kand of Philological Sciences.thesis] – Almaty, 1997. – 136 b. (in Kazakh)
- Toporov V.N. (1994) Iz nabljudenij nad zagadkoj [From observations on the riddle // Research in the field of Balto-Slavic spiritual culture: The Riddle as a text. Vol.1] // Issledovanija v oblasti balto-slavjanskoj duhovnoj kul'tury: Zagadka kak tekst. T.1. – M.: Indrik, 1994. – S.10–117. (in Russian)